

**Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде**

**11-сынып ата-аналарымен өткізілген жиналыстың**

**хаттамасы**

**Форт-Шевченко қаласы**

**10 қыркүйек 2025 жыл**

**Жиналысқа қатысушылар:**

Мектеп директоры- Ж.Әбішова  
МДОДЖО- Р.Реуменова  
МДТЖО-А.Есқуатова  
Сынып жетекшілер-2  
Хатшы-Л.Казбаншаева

**Күн тәртібінде:**

1. Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық жұмыстары.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру.
3. Құқықбұзушылық, буллингтің, лудоманияның алдын алу жолдары.

**Тыңдалды:**

Мектеп директоры Абишова Жанар Абишовна ата-аналарға биылғы оқу жылы 11-сынып оқушылары үшін аса маңызды кезең – олар орта білімді аяқтап, алдағы өмір жолдарын анықтайтын Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалатынын ескертті.

ҰБТ – бұл оқушылардың мектеп қабырғасында алған білімін саралайтын және жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік беретін маңызды емтихан. ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жыл бойы жүйелі түрде жүргізілетінін, оқушылардың білім деңгейі мен психологиялық дайындығын арттыру мақсатында мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, ата-аналар және психологтар бірлесе жұмыс атқаратынын айтып өтті. Мектеп директоры ата-аналарды балалардың күнделікті күйзелісін азайтып, сенім мен қолдау көрсетуін, жүйелі тамақтану, ұйқы тәртібі, эмоционалды жағдай – баланың сәтті нәтиже көрсетуіне тікелей әсер ететінін, балалармен болашақ мамандық туралы ашық сөйлесіп, дұрыс таңдау жасауға көмектесуін түсіндірді.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Реуменова Райгул Амангалиевна Ұлттық бірыңғай тестілеу форматының жыл сайын өзгеріп, жетілдіріліп отыратынын ескерте отырып, слайд арқылы түсіндірді. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға толық жауап берді.

**Сұрақ:**

1. Айтқұлова Гүлмира: Мен балам үшін ақылы курс сатып алдым. ҰБТ-ға дайындалу үшін балам түстен кейін мектепке келмей-ақ үйден өзі ақылы курсына қатыса берсе бола ма?

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есқуатова Айнұр Есқуатқызы құқықбұзушылықтың кез келген түрі болашаққа кері әсер ететіні, яғни ойынқұмарлық, буллинг және тәртіпсіздікке жол берілмеу керектігі, мектеп ережелері мен мектеп формасы оқушы мәдениетінің көрсеткіші екенін де еске салды. Қазіргі таңда білім беру ұйымдарында оқушылардың қауіпсіздігі мен психологиялық саулығын сақтау басты міндеттердің бірі болып отыр. Соның ішінде құқықбұзушылық, буллинг (қорлау, мазақтау, қысым көрсету) және лудомания (ойынға тәуелділік) мәселелері ерекше назарды талап етеді. Бұл жағдайлардың алдын алу үшін мектеп деңгейінде жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет. Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер өткізу, ішкі тәртіп ережелерін оқушыларға жүйелі түрде түсіндіру, полиция инспекторымен кездесулер ұйымдастыру, ата-аналармен құқықтық кеңес беру жұмыстарын жүргізу, мектепшілік бақылауды күшейту (бейнебақылау, кезекшілік, т.б.). Оқушылар арасында достық қарым-қатынас пен сыйластықты қалыптастыру, көрсету, ата-аналарға балаларының гаджеттермен қарым-қатынасына бақылау орнату бойынша кеңес беру, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру: үйірмелерге, спорттық секцияларға тарту керектігі түсіндірілді. Мектеп ұжымы мен ата-аналардың бірлескен әрекеті ғана оқушылардың құқықтық мәдениетін арттырып, қауіпсіз орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Құқықбұзушылықтың, буллингтің және лудоманияның алдын алу – тек жазалау емес, тәрбиелеу мен бағыт беру. Әрбір оқушы – біздің болашағымыз. Сондықтан олардың жан-жақты дамуы мен психологиялық саулығы – басты назарда болуға тиіс екені түсіндірілді.

### Сөйледі:



Ата-ана Азмағамбетова Ақнұр: Бүгінгі жиналыста айтылған мәселелер өте орынды. Балаларымыз дайындықты күшейту керек. Өз болашағы, өз мамандығы үшін бала дайындықты қолына алса, жетер жетістігі жоғары болатынына сенімім мол. Ақылы курсты оқытуға да қарсы емеспін.

### Қаулы:

1. Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық жұмыстары күшейтілсін.
2. Ішкі тәртіп ережелерін оқушылар мен ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тәртіп бұзушылықтарды болдырмау және алдын алу бойынша жүйелі шаралар қабылдансын.
3. Құқықбұзушылық, буллингтің, лудоманияның алдын алу жолдары бойынша жұмыстар жыл бойы жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:  
Хатшы:

 А.Е.Есқуатова  
 Л.А.Казбаншаева



Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Ұлағат» ұлдар клубының құқықбұзушылық, буллинг, кибербуллинг бойынша түсіндірме жұмыстары, мектеп формасының талапқа сай болуы тақырыбында өткізілген жиналыстың

№ хаттамасы

Форт-Шевченко қаласы

16 қыркүйек 2025 жыл

**Қатысқандар:**

Мектеп директоры-Ж.Абишова  
МДТЖО-А.Ескуатова  
7-11 сынып ұлдары-91  
Сынып жетекшілер-7  
Хатшы-Л.Казбаншаева

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Ұлдар арасындағы құқықбұзушылық, буллинг, кибербуллинг бойынша түсіндірме жұмыстары.
2. Мектеп формасының талапқа сай болуы.
3. Оқу құралдарының түгел болуы.

**Тындалды:**

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Абишова Жанар Абишовна мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Айнұр Ескуатқызы ұлдарға құқықбұзушылық, буллинг, кибербуллингке жол бермеу керектігі, мектеп формасының талапқа сай болуын, оқулықтардың үнемі тексерілетіні түсіндірілді.

**Сөйлеу:**

1. **Ибраева Қамарсұлу-11 «Ә» сынып жетекшісі:** -Мектеп директоры мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Айнұр Ескуатқызының құқықбұзушылық, буллинг, кибербуллинг бойынша түсіндірме жұмыстары өте орынды айтылды. Мектеп формасы сақталуы керек, әсіресе ұлар следы киюді қою керек. Ұлдардың ішінде сабаққа кеш қалу әлі де болса азайған жоқ. Сабақ үстінде оқушылар жиі сұранатынын тоқтату керек, сабақ процесіне кедергі келтірмеу керек. Оқу құралдары түгел болу керек.
2. **Халиева Роза- 8 сынып жетекшісі:**-Менің сыныбымның ұлдарының тәртібі жақсы. Себепсіз сабақтан қалып жатқан ер бала жоқ. Мектеп формалары да талапқа сай. Құқықбұзушылық, буллинг, кибербуллингке жол бермеу керектігі 1-күні сынып сағаттарында үнемі айтылып отырады. Жол берілген жағдайда оқушы тіркеуге алынатынын да ескерттім. Күнделікті айтылған ескертулерден оқушылар қорытынды шығарады деген ойдамын.


**Шешім етті:**

1. Құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

2. Барлық оқушылардың мектеп формасын ҚР Білім және ғылым министрінің №26 бұйрығына сәйкес киюі міндеттелсін.

3. Оқушылардың оқу құралдарының түгел болуын қадағалау сынып жетекшілеріне міндеттелінсін.

Төраға:  Ескуатова Айнұр

Хатшы:  Казбаншаева Лаззат

Әлеуметтік желі: <https://https://www.facebook.com/share/p/1Gy6HQ9Vs3/>



**16 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде өткізілген құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша 7-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарының ақпараттамасы**

Мектебімізде кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторлары Б.Қармысов, А.Қдыров, Д.Әбіловпен құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша 7-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды. Түсіндірме жұмыстарына барлығы-134 оқушы қатысты.

**Мақсаты:**

-Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, лудомания, буллингтің алдын алу, зиянды салдары туралы түсінік қалыптастыру;

Құқықтық жауапкершілігі туралы түсіндіру;

Мектеп директоры Абишова Жанар Абишовна бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі-құқықбұзушылық оқушының психологиялық дамуына, оқу үлгеріміне кері әсер ететінін ерекше баса айтты.


“Заң және тәртіп” тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, түсіндірілді.

Іс-шара барысында оқушыларға:

- Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша құқықтары мен міндеттері туралы,
- Құқықбұзушылықтың түрлері мен оның салдары жөнінде,
- Жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу жолдары туралы,
- Заң алдындағы жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Шара оқушылардың құқықтық мәдениетін арттырып, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға, құқықтық тәртіпті сақтау маңыздылығын түсінуге ықпал етті.

**Әлеуметтік желі:** <https://www.facebook.com/share/v/19K6XL7d7a/?mibextid=wwXIfr>



19 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Заң және тәртіп» айы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу, кибербуллинг, буллингтің алдын алу, кәмелетке толмағандар арасында топтық төбелеске және құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу тақырында өткізілген жиналыстың ақпараттамасы

Мектебімізде Түпқараған ауданы ПБ ЖПҚБ бастығының орынбасары полиция капитаны Ж.Молдабеков, АПБ ЖПҚБ отбасылық- тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы полиция майоры Г. Байкүренова және білім бөлімінің бас маманы Ғ.Нұрымбетовамен бірлесіп, 9-11 сынып оқушыларына жиналыс өткізілді. Жиналысқа 124 оқушы қатысты. Жиналыс барысында оқушыларға «Заң және тәртіп» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, түсіндірілді. Қатысқан барлық мамандар өз саласы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылармен ашық сөйлесті.

Мақсаты:

- ◆ Құқық бұзушылықтың алдын алу;
- ◆ Кәмелетке толмағандар арасында топтық төбелеске және құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу;
- ◆ Кибербуллинг, буллингтің алдын алу;
- ◆ Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ◆ Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу.

Әлеуметтік желі: <https://www.facebook.com/share/r/1Ad27ZxStc/?mibextid=wwXIf>



**Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде**

**«Өмір, қымбатсың маған» тақырыбында қыз балалармен өткізілген жиналыстың**

**№ хаттамасы**

**23 қазан 2025 жыл**

**Жиналысқа қатысушылар:**

Форт-Шевченко қаласы «Аналар кеңесі» төрағасының орынбасары-Д.Шалабаева  
Түпқараған аудандық орталық емхананың нарколог-психиатр дәрігері-А.Аманова  
«Аналар кеңесі» мүшесі-Ә.Нәдірқожақызы  
Психолог-М.Лиясқызы  
Мектеп мейірбикесі-Г.Оразбаева  
МДТЖО-А.Есқуатова  
7-11 сыныптың қыз балалары  
Хатшы-Л.Казбаншаева

**Күн тәртібі:**

- 1.Қыз балалар арасында өмірдің құндылығын түсіндіру және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту;
- 2.Жасөспірімдер арасында зиянды әдеттердің (темекі, алкоголь, есірткі) алдын алу жұмыстары;
- 3.Қыз балалардың психологиялық саулығын нығайту және өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру;
- 4.Отбасындағы тәрбие мен ата-анамен байланыс мәселелері;
- 5.Салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**

1.«Аналар кеңесі» төрағасының орынбасары-Дариға Шалабаева кездесу барысында қыз балаларға өмірдің ең басты құндылық екендігі, әр адамның қайталанбас тұлға екені түсіндірілді.

Қыз баланың өзіне деген сенімділігін арттыру, ішкі жан дүниесін құрметтеу және өзін-өзі бағалау екені айтылды. Мамандар өз өмірін бағалау – салауатты өмір салтын ұстанудан, дұрыс шешім қабылдаудан және өз қадірін білуден басталатынын түсіндірді.

Қыз балаларға өзін құрметтеу, өз құндылығын сезіну және өмірге оң көзқараспен қарау адамды кез келген қиындықтан алып шығатыны жөнінде мысалдар келтірді. Қыз балалар өмірдің мәнін түсініп, өз-өзіне сенімді болудың маңыздылығын ұғынды және өз бойларында жауапкершілік, өз қадірін сезіну және болашаққа деген сенім қалыптасты.


2.Нарколог-психиатр дәрігері Ақілгек Аманова өз сөзінде өмірдің адамға бір-ақ рет берілетін баға жетпес сый екенін айта отырып бастады. Ол оқушыларға зиянды әдеттердің (темекі, алкоголь, есірткі және электронды темекі өнімдері) адамның физикалық және психикалық денсаулығына зор зиян келтіретінін түсіндірді. Мұндай әдеттер көбіне жасөспірім шақтағы қызығушылық пен еліктеуден басталатынын, бірақ оның салдары ауыр болатынын нақты мысалдармен айтты. Темекі мен спирттік ішімдіктердің жүйке жүйесіне, жүрек пен тыныс алу органдарына тигізетін әсері жайлы ғылыми тұрғыда түсіндірме берді. Қыз балаларды өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға, салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

3. Психолог Меруерт Илиясқызы қиын жағдайда қолдау сұраудың ұят еместігі, әр адам өмірінің мәні мен мақсаты бар екендігі баса айтылды. Психолог өз сөзінде әр қыз баланың өмірі – ерекше әрі бағалы екенін атап өтті. Ол оқушыларға өмірдің мәні – өзінді жақсы көруден басталады, әр адам өзін құрметтей білсе ғана өзгелерден де сый-құрмет көреді деді. Қыз балаларға өз-өзіне сенімді болу, өз пікірін ашық айту, қиындыққа мойымау керектігін түсіндірді. Кез келген өмірлік қиын сәттерде жақын адамдармен, ата-анамен, ұстаздармен, психологпен ашық сөйлесудің маңызын айтты. Өзін-өзі бағалау — сыртқы сұлулықпен емес, ішкі мәдениет пен мінез-құлықпен өлшенетінін ерекше атап өтті. «Қыз бала – отбасының айнасы, қоғамның көркі» екенін айтып, қыздарды әдептілікке, ұқыптылыққа, өз қадірін білуге шақырды. Қорытындысында психолог қыз балаларға «Өмір – ең қымбат сый, сен өз өміріңнің авторысың» деген ой тастап, өздерін жақсы көруге, болашаққа сеніммен қарауға және өмірдің әр күнін бағалауға үндеді.

4. «Аналар кеңесі» мүшесі-Әсемгүл Нәдірқожақызы қыз балаларға отбасында тәртіптілікті сақтау, ата-анамен байланыс орнату, мейірімді және жауапты болу туралы айтып, бұл қасиеттерді бойына сіңіруді насихаттады. Қыз балаларға ата-анасын сыйлау, оларға құрмет көрсетуді, отбасында айтылған ережелер мен кеңестерді құрметпен қабылдау, қажеттілік болса сұрақ қоюға үйрететінін айтты. Қыз балаларға ата-анасымен ашық сөйлесуді үйрету маңызды екенін айтты. Ата-анасына өз сезімдері мен ойларын айту арқылы сенімді байланыс қалыптасатынын түсіндірді.

#### Қаулы:

1. Қыз балалар өз өмірінің әр сәтін бағалай білуге, өз қадір-қасиетін түсінуге және өзін-өзі құрметтеуге үйренсін.
2. Жасөспірімдер өз денсаулығын қорғап, темекі, алкоголь және есірткі сияқты зиянды заттардан аулақ болуға үйренсін».
3. Қыз балалар өз психологиялық саулығын нығайтып, өмірлік құндылықтарын дұрыс таңдай білсін.
4. Балалар ата-анасымен ашық сөйлесіп, өз сезімін білдіруді және отбасылық құндылықтарды құрметтеуді үйренсін.
5. Барлық балалар мен жасөспірімдер өз денсаулығын сақтау үшін салауатты өмір салтын ұстануды үйренсін.

Жиналыс төрағасы:  - А.Е.Есқуатова

Хатшы:  Л.А.Казбаншаева

**Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде  
«Құқықбұзушылықтың алдын алу және Буллинг» тақырыбында  
8-11 сынып оқушыларымен өткізілген жиналыстың  
хаттамасы**

**Форт-Шевченко қаласы**

**7 қараша 2025 жыл**

**Жиналысқа қатысушылар:**

Мектеп директоры-Ж.Абишова  
Түпқараған АПБ ККБ УП ЮПТ полиция капитаны-Кармысов Бактсеит Дукенбаевич  
МДТЖО-А.Есқуатова  
Сынып жетекшілер-7  
Хатшы-Л.Казбаншаева

**Күн тәртібінде:**

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндірме жұмыстары.
2. Лудомания, буллингің алдын алу және зиянды салдары туралы түсінік.
3. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

Түпқараған АПБ ККБ УП ЮПТ полиция капитаны Кармысов Бактсеит оқушылар арасында орын алатын буллинг, кибербуллинг туралы, түнгі 22:00 уақыттан кейін ата-анасыз жүрмеу керектігін, автокөлік, мопед айдауға тыйым салынатыны, анықталған жағдайда ата-ана Қазақстан Республикасының 127, 442, 612-баптары бойынша жауапкершілікке тартылатыны ескертілді. Және де мұғалімдермен әзілдесіп, балағаттап, қарсыласуға болмайтыны, сабақтан кешікпей, себепсіз қалмауды қадағалау сынып жетекшілерге тапсырылды. Ата-анаға ауыр тиетіні, айыппұл салынатыны баса айтылды. Баланы балағаттап, әлімжеттік жасаған оқушының жауапқа тартылып, колоннияға жіберілгені туралы да ескертілді. Және де электронды темекінің, насыбайдың қазіргі таңда қыз балалардың тартатыны да айтылды. лудомания (құмар ойынға тәуелділік) дегеніміз не? Балалар, лудомания -бұл адамның телефондағы, компьютердегі құмар ойындарға тым әуестеніп кетуі. Адам ойын ойнауды тоқтата алмайды. Бұл психологиялық тәуелділік деп аталады.Лудомания белгілері: уақытты тек ойынға жұмсау, достарымен, отбасымен қарым-қатынасты ұзу,сабақ үлгерімі нашарлау. Нәтижесінде баланың денсаулығы бұзылады, жақындармен арақатынасы нашарлайды, ең бастысы болашағына зияны келеді. Буллинг деген не? Буллинг — бұл біреуді мазақ ету, ұру, қорқыту, немесе әдейі шеттету. Бұл — өте жаман қылық. Буллинг жасайтын адам өзгенің көңілін, өмірін бұзатыны түсіндірілді. Және де жақын уақытта ауданымыздың мектебінде 10-сынып оқушылары арасында бір-біріне әлімжеттік көрсету фактісінің тіркелгені, ата-аналарға айыппұл салынғандығы да айтылып, дәлел ретінде бейнеролик көрсетілді.

**(Оқушыларға «Буллинг және оның алдын алу» тақырыбында  
бейнеролик көрсетілді.)**

**Сұрақ:**

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынғысы келмейтін оқушыларға Заң жүзінде қандай шара қолданады?
2. Үнемі сабақтан кеш қалатын оқушыларға қандай шара қолдануға болады?

**Қаулы:**

1. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын тұрақты түрде жүргізілсін.
2. Лудомания мен буллингтің зиянды салдарының алдын алу мақсатында оқушыларға олардың себептері, белгілері және қорғану жолдары туралы түсіндіру жұмыстары жыл бойы жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

А.Е.Есқуатова

Хатшы:

Л.А.Казбаншаева

**Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде**  
**«Буллингтің алдын алу-ортақ міндет» және «Жол қауіпсіздігі -ортақ жауапкершілік»**  
**тақырыбында өткізілген жиналыстың**  
**хаттамасы**

**24 желтоқсан 2025 жыл**

**Жиналысқа қатысушылар:**

Түпқараған АПБ ҚҚБ ЮПТ аға инспекторы полиция капитаны-Нұрлыбеков Айбек,  
Жалиев Қайрат Азатұлы  
МДТЖО- Казбаншаева Лаззат  
7-11 сынып оқушылары-64  
Хатшы- Есенжолова А.

**Күн тәртібі:**

1. Буллингтің алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары.
2. «Жол қауіпсіздігі -ортақ жауапкершілік» тақырыбында түсіндірме жұмыстары.

**Тыңдалды:**

Түпқараған АПБ ҚҚБ ЮПТ КТІЖ полиция капитаны Жалиев Қайрат Азатұлы мен Нұрлыбеков Айбек 7 және 9 сынып оқушыларына буллингтің алдын алу мақсатында «Буллингтің алдын алу-ортақ міндет» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ис-шара барысында буллингтің түрлері, оның салдары, жәбірленушіге тигізетін психологиялық әсері және мұндай жағдайлардың алдын алу жолдары түсіндірілді. Оқушыларға бір-біріне құрметпен қарау, өзара сыйластық пен қолдау көрсетудің маңыздылығы айтылды. Сонымен қатар, қиын жағдай туындаған кезде кімге және қалай көмек сұрауға болатыны жөнінде ақпарат берілді. Өткізілген түсіндірме жұмыстары оқушылардың буллинг туралы білімін арттырып, олардың жауапкершілігін күшейтуге ықпал етті. Оқушылар буллингтің кез келген түріне бейжай қарамау керектігін түсініп, достық қарым-қатынасты сақтаудың маңызын ұғынды. Алдағы уақытта буллингтің алдын алу шараларын жүйелі түрде өткізу қажеттігі анықталды. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, жауап берілді.

**Сөйледі:**

Кубегенов Мейрамбек- 9 сынып оқушысы. Менің ойымша, буллингтің алдын алу үшін ең алдымен бір-бірімізге құрметпен қарауды үйренуіміз керек. Әр адамның мінезі мен пікірі әртүрлі, сондықтан ешкімді кемсітуге немесе мазақ етуге болмайды. Егер біреу буллингке ұшыраса, үнсіз қалмай, көмек көрсету маңызды. Мұғалімдер мен ата-аналарға дер кезінде айту арқылы мәселені шешуге болады. Мектепте достық пен қолдау болса, буллингке орын болмайды деп ойлаймын.

**Тыңдалды:**


Түпқараған АПБ ҚҚБ ЮПТ КТІЖ полиция капитаны Жалиев Қайрат Азатұлы мен Нұрлыбеков Айбек 11-сынып оқушыларына жол қозғалысы ережелерін сақтаудың маңызы түсіндірілді. Жолдан өту кезінде бағдаршам белгілеріне назар аудару, жаяу жүргінші өткелін пайдалану, жолда ойнамау, құлаққаппен және телефонға алаңдап

жүрмеу керектігі айтылды. Сонымен қатар, көлікте қауіпсіздік белдігін тағу, велосипед пен самокатты тек рұқсат етілген жерлерде пайдалану жөнінде ескерілді. Жол ережесін сақтамаудың адам өмірі мен денсаулығына қауіпті екені нақты мысалдар арқылы жеткізілді. Оқушыларға кәмелет жасына толмағандардың көлік құралдарын басқаруына заң бойынша тыйым салынатыны айтылды. Көлік жүргізу үшін арнайы жүргізуші куәлігі, жас ерекшелігі және жауапкершілік қажет екені түсіндірілді. Көлікті рұқсатсыз басқару жол-көлік оқиғаларына, ауыр жарақаттар мен адам өліміне әкелуі мүмкін екені ескерілді. Сонымен қатар, заң бұзған жағдайда ата-аналарға да жауапкершілік жүктелетіні айтылды. Түсіндірме жұмыстары оқушылардың жол қауіпсіздігі туралы білімін арттырып, ережелерді сақтауға деген жауапкершілігін күшейтеді. Оқушылар жолда қауіпсіз жүріс-тұрыстың маңызын түсініп, күнделікті өмірде жол ережелерін сақтауға уәде берді. Алдағы уақытта жол қауіпсіздігіне байланысты алдын алу шараларын жүйелі түрде жалғастыру қажет екені анықталды. Түсіндірме жұмыстары оқушылардың жол қауіпсіздігі туралы білімін арттырып, ережелерді сақтауға деген жауапкершілігін күшейтеді. Оқушылар жолда қауіпсіз жүріс-тұрыстың маңызын түсінді.

#### Қаулы:

1. Оқушыларға буллингтің алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары жыл бойы жүргізілсін.
2. Жол қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жыл бойы жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрағасы:

 Д.Казбаншаева

Хатшы:

 А.Есенжолова

Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 11 сынып оқушысы  
Самидолла Асемнің тәртібіне байланысты өткізілген жиналыстың

№2 хаттамасы

8 желтоқсан 2025 жыл

**Жиналысқа қатысушылар:**

Мектеп директоры: Абишова Жанар

Түпқараған АПБ ККБ УП ЮПТ полиция капитаны-Кармысов Б.Д.

Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің бас маманы- Нұрымбетова Г.Ж.

МДТЖО-Л.Казбаншаева

Сынып жетекші- Есқуатова Айнұр

Ата-ана: Есжанова Алмагүл

Хатшы-А.Есенжолова

**Күн тәртібі:**

1. Самидолла Асемнің сабаққа келмеуі, жалпы тәртібі

**Тыңдалды:**

**Мектеп директоры: Абишова Жанар**-Күнде таңертең оқушылардың қатысын тексеремін. Әр сынып жетекшіден оқушының не себепті сабаққа келмегенін сұрап отырамын. Кейбір оқушылар денсаулығына байланысты анализ тапсырып, 2-сабаққа да келеді. Бүгін Асемнің сабаққа кеш қалып келетінін Айнұр ескертті. Сәлден соң Асемнің бүгінгі сабаққа келмейтінін айтты. Және анасының бүгін сағат 7:50 де сабаққа кеткенін айтты. Сосын біз Асемнің анасын мектепке шақырып отырмыз және мектеп инспекторын, білім бөлімі маманын да шақыртып, ескертіп отырмыз.

**Сынып жетекшісі Есқуатова Айнұр:** Мен 8 желтоқсан күні таңертең сағат 7:20 да күндегіше Асемге телефон соғып, ұйқысынан оятып, 1-сабаққа кеш қалмай келуін ескерттім. Ол «Иә, апай, кешікпеймін» деп жауап берді. Сағат 7:58 де Асем өзі ватсабыма «Апай, 20-30 минут кешігіп барамын» деп жазып жіберді. 08:18 де «Апай, кешіріңіз, 2-сабаққа баратын шығармын» деп жазды. 8:39 да «бара жатырмын, апай» деп тағы жазды. Сосын күтіп келмегеннен кейін Асемге ватсабына жазып едім, 8:50 де Асемнің анасы ватсабыма Асем сабағына барды ма екен? деп маған жазыпты. Асем 8:53 те справкамен келемін деп жазып жіберген. Мен анасына бүгін сабаққа келмегенін айтып едім, ол 7:50 де үйден сабаққа кеткенін айтты. Асемге қайда екенін білейін деп тағы телефон соққанымда түнімен тісі ауырып, Ақтауға тіс дәрігеріне тісін ақылы емдетуге кетіп бара жатқанын айтты. Бұл жағдайды ата-анасы мүлдем білмейді. Содан мен анасын мектепке шақырттым.

**Ата-ана: Есжанова Алмагүл:** Мен бұл қыздан әбден шаршадым. Мені тыңдауды қойды. Түнімен ұйқы көрген жоқпын. 5-күні сабақтан тарағаннан кейін үйге келместен Ақтауға дос қыздарыма барып келемін деп кетіп қалған. Сол кеткеннен демалыс күні түнгі сағат 2:00 де балконнан қарап тұрсам, номері 898 деген сұр машинамен келіп түсіп қалды. Асемнен сұрағанымда «Қасымдағы дос қызым Нұрсаяның жігіті ғой» деп маған жауап берді. Таңғы 4 те «Нұрсаяға барамын, үйдің есігін ашың, кілтін берің» деп жылады. Мен шыдай алмай ұрып жібердім. Таңертең тұрғызып, сабағына жібердім. Содан кейін сағат 9

ауырып жатырмын деген сылтауын айта салады, өтірік айтады, кешкі мезгілде көбіне үйінде болмайды, мектеп әкімшілігімен жасалған рейд кезінде үйінде болмады. Электронды темекі шегеді, мектеп формасын сақтамайды, оқу құралын әкелмейді. Жалпы сабақ оқын деген ниеті мүлдем жоқ. Әр аптаның жұма күні сабақтан соң Ақтауға дос қыздарыма бара жатырмын деп кетіп қалады. Мен сынып жетекшісі ретінде Ақтау қаласында курста болсам да осы оқушы үшін ауылға келіп, үнемі рейд жасап жүрдім. Себебі, оқушы сабаққа келмей Ақтау қаласында достарымен жүрген жерінен телефонмен видеозвонок арқылы сөйлескенімде «Апай, мен ауылда мектепте оқығым келмейді, Ақтауға кетіп, осы жақта оқығым келеді» деп те айтқан еді.

**Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің бас маманы- Нұрымбетова Гүлназ:** Мен Асемді мектепшілік есепте тұрғандықтан білемін. Осыдан 2 апта бұрын апасының арыз жазғаны бойынша ішкі істер бөліміне бардық. Жеке сөйлесіп, әңгімелестікте. Заңгер болғым келеді деді. Заңгер болу үшін де оқу керек, тізімде тұрмау керек екенін, ертең 11 сынып бітіргенде мінездемеге жазылатынын бәрін түсіндіріп айтқан болатынмын 11-сынып оқитындықтан аз ғана 5-6 айдың ішінде түзеле ма деп ойлап ем, онымен нәтиже бермей отыр. Мектеп Асеммен бірге әр түрлі бағытта жұмыс жасап отыр. Сыныбымен бірге жиналыстар да, психологиялық тренингтер де өткізіп отыр. Рейд жұмыстарының да ақпаратын жіберіп отыр. Сол кезде де айтқан болатынмын 2 ГИС ке тіркеп бақылауда да ұстадым. Сабаққа қатысын да сұрап бақылап отырдым. Ата-анаға бағынбаса, мектепке бағынбаса құжаттарын дайындап КЗПН ге жолдау керек деп ойлаймын. Анасы Алмагүлде соңғы мүмкіндік беріңізші деп отыр, алда бақылап көреміз ба деп те ойлап отырмын.

**Түпқараған АПБ ККБ УП ЮПТ полиция капитаны-Кармысов Бактсеит**

**Дукенбаевич:** Мен мектеп инспекторы ретінде ата-анасына 127-бап бойынша әкімшілік жаза қолдану керек деп ойлаймын. Себебі, бұл қыз баланы осы кезден бақылауға алып, шара қолданбасақ ертеңгі күні кеш болатыны сөзсіз. Апасы Тұрсынова Айнұр ішкі істер бөліміне келіп, Асемнің үстінен көзін қорқыту мақсатында шағым түсіремін деген еді. Бірақ бұл апасы тұрмыста, яғни отбасы бөлек болғандықтан, тек қана заңды өкілі анасы ғана шағым түсіре алатынын және шағым түсірген жағдайда әкімшілік жаза ата-ананың өзіне қолданылатынын айттым. Менің де ойым кешкі мезгілде аталған жасөспірімді бір апта бақылауға алып, қадағалауды ұсынамын. Егер бұдан нәтиже шықпайтын болса қатаң тәртіптік жазаға тартқан дұрыс деп ойлаймын.

**Шешім:**

1. Жасөспірімнің сабаққа қатысын қадағалау пән мұғалімдерімен сынып жетекшіге жүктелсін.
2. Әлеуметтік тұрмыстық жағдайын тексеру және ата-анасымен жеке сөйлесу МДТЖО А.Есқуатоваға әлеуметтік педагог Есенжолова Айдаға жүктелсін.
3. Жасөспірімнің кешкі мезгілде көшеде жүру тәртібін қадағалау мектеп инспекторы Кармысов Бактсеит Дукенбаевичке жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: Ж.Абишова

Хатшы: А.Есенжолова


га жақын сынып жетекшісі Асемнің сабаққа келмегенін хабарлады. Мен қызымды кешкі мектепке шығарып алу үшін арыз жазуға келіп отырмын. Қызым енді бұдан ары қарай мектепте оқи алмайды және өзі де мектепке келмейтінін, Ақтауда оқығысы келетінін айтып отыр. Менің мектептен шығарып алмасқа басқа амалым жоқ және де айыппұл төлейтінге қаражатым жоқ. Мен қызымды КЗПМ-ге тапсыруға қарсымын. Кешкі мектепке оқу үшін қызымды мектептен шығарып алайын деп отырмын.

**Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің бас маманы Нұрымбетова Гүлнәз-** Өткен жиналыста Асемге мүмкіндік берген болатынбыз, оқушы өзі түсінер, ойланар. Қалған 5-6 ай уақытқа шыдап, тәртіпті боп жүрер деп. Алайда ешқандай нәтиже болып отырған жоқ. Олай болса, құжаттарын жинақтап, маған әкеліп тапсырыңыздар. Ары қарай жұмыстанайық.

**Түпқараған АПБ ККБ УП ЮПТ полиция капитаны-Кармысов Бақытсейт-Оқушы** 3 күн сабаққа келмесе іздестіру жұмыстары жүргізіледі. Құжаттарын жинақтап, ары қарай жұмыстанайық.

**Шешім:**

1. Самидолла Асемнің құжаттарын дайындау сынып жетекшісі Есқуатова Айнұрға жүктеліп, білім бөліміне жолдансын.

Жиналыс төрағасы:  Ж.Абишова

Хатшы:  А.Есенжолова

**Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 11 сынып оқушысы  
Самидолла Асемнің тәртібіне байланысты өткізілген жиналыстың**

**№1 хаттамасы**

**21 қараша 2025 жыл**

**Жиналысқа қатысушылар:**

Мектеп директоры: Абишова Жанар

Түпқараған АПБ ККБ УП ЮПТ полиция капитаны-Кармысов Бактсеит Дукенбаевич

Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің бас маманы- Нұрымбетова Г.Ж.

МДОІЖО-Реуменова Р.А.

МДТЖО-Л.Казбаншаева

Сынып жетекші- Есқуатова Айнұр

Ата-ана: Есжанова Алмагүл

Хатшы-А.Есенжолова

**Күн тәртібі:**

1. Мектепшілік есепте тұрған 11-сынып оқушысы Самидолла Асемнің тәртібі, сабаққа қатысы.

**Тыңдалды:**

**Мектеп директоры Абишова Жанар:** Асемнің сабаққа қатысын, үнемі сабаққа кешігіп келетінін, түнгі мезгілде рейд жасаған уақыттарда үйінде болмайтынын, мұғалімдерге қарсы шығып, лас сөздер айтатынын, мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынбайтыны (сырланып, шашын жинамайтыны, тырнағына маникюр жасайтыны, үнемі ұзын кірпікпен жүретіні және де электронды темекіні қолданатыны) айтылды.

**Ата-ана Есжанова Алмагүл:** Мен барлық жағдайды біліп отырмын. Сынып жетекшісімен үнемі байланыста отырамын. Өзім 15 күндік вахталық түнгі ауысымда жұмыс жасаймын. Қызымның 5-күн сайын мені тыңдамай Ақтауға кетіп қалатынын да білемін. Айтудан шарашқан емеспін, қандай шара қолдансаңыздар да мен қарсы емеспін. Жалпы қызымды мектептен шығарудың қандай жолдары бар, менің бұл қызыма әлім келетін емес. Денсаулығым да нашар, осы қызды іздеймін деп түнімен ұйықтамаймын, үйде ағасы ақыл айтса екеуі ренжісіп, үйден кетіп қалған кездері де болды. Қызымды ешқашан қатарынан қалдырған емеспін, тамағы тоқ, не киемін десе де алып беріп отырмын. Үнемі ашық сөйлесемін. «Иә, мама, қойдым, енді болдым, қайталанбайды дейді де сол әдетіне салады». Қызымнан әбден шаршап кеттім. Ауру болып біттім. Соңғы мүмкіндік берсеңіздер, өзім үйге барып та сөйлесейін. Енді түсінер осындай жиналыс болғасын деп ойлап отырмын.

**Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Реуменова Райгүл:** Мен де мектеп директорының айтқанымен толық келісемін. Асем былай жаман оқушы емес, өзіме сөз қайтарып көрген жоқ. Жас мамандарға қарсы шығып, келіспей қалатыны да бар.

**Сынып жетекшісі Есқуатова Айнұр:** Мен 6-сыныпта онлайн кезден бастап бұл сыныпқа сынып жетекші болып келемін. Жалпы тәртібі орташа, сабақ үлгерімі төмен, сабақ оқуға деген қызығушылығы жоқ, сыныптастарымен бірге жүрмейді, пән мұғалімдерімен қарсыласады., сабаққа үнемі кешігіп келеді, кей уақыттарда келмей

ауырып жатырмын деген сылтауын айта салады, өтірік айтады, кешкі мезгілде көбіне үйінде болмайды, мектеп әкімшілігімен жасалған рейд кезінде үйінде болмады. Электронды темекі шегеді, мектеп формасын сақтамайды, оқу құралын әкелмейді. Жалпы сабақ оқын деген ниеті мүлдем жоқ. Әр аптаның жұма күні сабақтан соң Ақтауға дос қыздарыма бара жатырмын деп кетіп қалады. Мен сынып жетекшісі ретінде Ақтау қаласында курста болсам да осы оқушы үшін ауылға келіп, үнемі рейд жасап жүрдім. Себебі, оқушы сабаққа келмей Ақтау қаласында достарымен жүрген жерінен телефонмен видеозвонок арқылы сөйлескенімде «Апай, мен ауылда мектепте оқығым келмейді, Ақтауға кетіп, осы жақта оқығым келеді» деп те айтқан еді.

**Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің бас маманы- Нұрымбетова Гүлназ:** Мен Асемді мектепшілік есепте тұрғандықтан білемін. Осыдан 2 апта бұрын апасының арыз жазғаны бойынша ішкі істер бөліміне бардық. Жеке сөйлесіп, әңгімелестікте. Заңгер болғым келеді деді. Заңгер болу үшін де оқу керек, тізімде тұрмау керек екенін, ертең 11 сынып бітіргенде мінездемеге жазылатынын бәрін түсіндіріп айтқан болатынмын 11-сынып оқитындықтан аз ғана 5-6 айдың ішінде түзеле ма деп ойлап ем, онымен нәтиже бермей отыр. Мектеп Асеммен бірге әр түрлі бағытта жұмыс жасап отыр. Сыныбымен бірге жиналыстар да, психологиялық тренингтер де өткізіп отыр. Рейд жұмыстарының да ақпаратын жіберіп отыр. Сол кезде де айтқан болатынмын 2 ГИС ке тіркеп бақылауда да ұстадым. Сабаққа қатысын да сұрап бақылап отырдым. Ата-анаға бағынбаса, мектепке бағынбаса құжаттарын дайындап КЗПН ге жолдау керек деп ойлаймын. Анасы Алмагүлде соңғы мүмкіндік беріңізші деп отыр, алда бақылап көреміз ба деп те ойлап отырмын.

**Түпқараған АПБ ККБ УП ЮПТ полиция капитаны-Кармысов Бактсеит**

**Дукенбаевич:** Мен мектеп инспекторы ретінде ата-анасына 127-бап бойынша әкімшілік жаза қолдану керек деп ойлаймын. Себебі, бұл қыз баланы осы кезден бақылауға алып, шара қолданбасақ ертеңгі күні кеш болатыны сөзсіз. Апасы Тұрсынова Айнұр ішкі істер бөліміне келіп, Асемнің үстінен көзін қорқыту мақсатында шағым түсіремін деген еді. Бірақ бұл апасы тұрмыста, яғни отбасы бөлек болғандықтан, тек қана заңды өкілі анасы ғана шағым түсіре алатынын және шағым түсірген жағдайда әкімшілік жаза ата-ананың өзіне қолданылатынын айттым. Менің де ойым кешкі мезгілде аталған жасөспірімді бір апта бақылауға алып, қадағалауды ұсынамын. Егер бұдан нәтиже шықпайтын болса қатан тәртіптік жазаға тартқан дұрыс деп ойлаймын.

**Шешім:**

1. Жасөспірімнің сабаққа қатысын қадағалау пән мұғалімдерімен сынып жетекшіге жүктелсін .
2. Әлеуметтік тұрмыстық жағдайын тексеру және ата-анасымен жеке сөйлесу МДТЖО А.Есқуатовқа әлеуметтік педагог Есенжолова Айдаға жүктелсін.
3. Жасөспірімнің кешкі мезгілде көшеде жүру тәртібін қадағалау мектеп инспекторы Кармысов Бактсеит Дукенбаевичке жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:  Ж.Абишова

Хатшы:  А.Есенжолова

**Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде**

**11 сынып оқушыларымен өткізілген жиналыстың**

**хаттамасы**

**Форт-Шевченко қаласы**

**2 қыркүйек 2025 жыл**

**Жиналысқа қатысушылар:**

Мектеп директоры-Ж.Абишова  
МДТЖО-А.Ескуатова  
Сынып жетекшілер-2  
Оқушылар-29  
Хатшы-Л.Казбаншаева

**Күн тәртібінде:**

1. «ҰБТ-2026» дайындық жұмысын ұйымдастыру;
2. Оқушылар арасындағы құқықбұзушылық, буллингтің алдын алу жолдары;
3. Мектеп формасын сақтау міндеттілігі;

**Тыңдалды:**

1. Мектеп директоры Абишова Жанар Абишовна 11-сынып оқушыларына алда тұрған маңызды кезең ҰБТ жауапкершілігі туралы айтып түсіндірді. ҰБТ- тек білім сынағы ғана емес, өмірлік белестің бірі екенін, алдағы уақытта сынама тесттер өткізіліп отыратыны, пәндік дайындық сабақтарының ұйымдастырылатынын, сондай-ақ оқушыларға психологиялық қолдау көрсетіліп және ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілетінін атап өтті.

2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ескуатова Айнұр Ескуатқызы қазіргі таңда білім беру ұйымдарының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқушылар арасында құқықбұзушылық пен буллингтің (қорлау, қысым көрсету, мазақтау) алдын алу, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру болып табылатыны түсіндірілді. Оқушыларға құқықбұзушылықтың кез келген түрі болашағына кері әсер ететіні, яғни тәртіпсіздікке жол берілмеу керектігін де баса айтып түсіндірді. Буллингтің алдын алу – бір күндік жұмыс емес. Ол мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы тығыз байланыс пен бірлескен іс-әрекетті талап ететін кешенді процесс. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде әрі үздіксіз жүргізіліп отыратынын ескертті.

3. МДТЖО Ескуатова Айнұр мектеп формасы- оқушы мәдениетінің көрсеткіші екенін де түсіндірді. Мектеп оқушыларының бірыңғай мектеп формасын сақтау – білім беру ұйымдарындағы тәртіп пен жауапкершіліктің, оқушының жинақылығы мен мектепке деген құрметінің көрсеткіші болып табылатынын түсіндірді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бекіткен талаптарына сәйкес, мектеп формасы бірыңғай, ұқыпты және ресми стильде болуы қажет екенін атап айтты. Форманың тазалығы мен ұқыптылығы міндетті түрде сақталуы тиіс. Мектеп формасын бұзған оқушылармен және олардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні, бірыңғай мектеп формасын сақтау – оқушылар арасындағы әлеуметтік теңдікті қалыптастыруға ықпал ететінін де

айтып өтті. Мектеп формасы оқушының тәртібі мен мәдениетінің көрінісі ретінде қабылданады. Сондықтан мектеп ұжымы, ата-аналар және оқушылар бұл талаптарды бірлесе орындауы қажет екенін түсіндірді.

**Сөйледі:**

1. Ибраева Қамарсұлу-11 «Ә» сынып жетекшісі. Биыл сыныбымның оқушылары үшін жауапты кезең. ҰБТ-ге дайындық жұмыстарын оқу жылының басынан бастап күшейтсек, жоғары нәтиже көрсетеді деген ойдамын. Ата-анамен де тығыз қарым-қатынаста болуымыз керек. Ал, мектеп формасына келетін болсақ, оқушылардың барлығы талапқа сай киініп жүр. Өзірге ескерту алған оқушы жоқ. Болашақта да мектеп формасын сақтайды деп сенім білдіремін.

2. Қоблан Рысбек- 11 «А» сынып оқушысы. Мен барлық сыныптастарымды алдағы ҰБТ-ге жауапкершілікпен қарауға шақырамын. Сапалы білім алып, тиянақты дайындалу-өз болашағымыздың жемісі. Ата-анамыз бізге сенім артады, сол сенімді ақтау-біздің міндетіміз, борышымыз деп білемін. Маусым айына дейін уақыт әлі көп деп жүріп алмауымыз керек, сыныптастар. Дайындықты қазірден бастап кетуіміз керек. Болашақта таңдаған мамандығымызға қарай таңдау пәніне жауапкершілікпен дайындалу-біздің басты міндетіміз.

**Қаулы:**

1. Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық жұмыстары жыл бойы жүргізілсін;
2. Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу бойынша тәрбие жұмыстары күшейтілсін.
3. 2025-2026 оқу жылында мектеп оқушыларына арналған бірыңғай мектеп формасын талапқа сай кию міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Ж.А.Абишова

Л.А.Казбаншаева

2 қыркүйек күні Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде

### 11-сынып оқушыларымен өткен жиналыстың ақпараттамасы

Мектеп директоры Абишова Жанар Абишовна, оқу ісі жөніндегі орынбасар Реуменова Райгүл Аманғалиевна және тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Ескуатова Айнұр Ескуатқызының қатысуымен 11-сынып оқушылары мен сынып жетекшілеріне жиналыс өтті.

#### Жиналыстың мақсаты:

- ҰБТ-ға тиімді дайындықты ұйымдастыру;
- Құқықбұзушылық, буллингтің алдын алу жолдары;
- Мектеп формасын сақтау міндеттілігі;

Жиналыс барысында оқушыларға алда тұрған маңызды кезең- ҰБТ жауапкершілігі туралы айтып, тәртіп пен білімнің қатар жүруі қажеттігін баса айтты. Алда күтіп тұрған ҰБТ тек білім сынағы емес, өмірлік белестің бірі екенін, құқықбұзушылықтың кез келген түрі болашаққа кері әсер ететіні, яғни ойынқұмарлық, буллинг және тәртіпсіздікке жол берілмеу керектігі, мектеп ережелері мен мектеп формасы оқушы мәдениетінің көрсеткіші екенін де еске салды.

Оқушылар қойылған талаптармен танысып, сұрақтарға жауап алды. Әр оқушының жеке жауапкершілігі мен болашағына мұқият қарауы қажет екендігі атап өтілді.

#### Әлеуметтік желілер:

<https://www.facebook.com/share/p/19oBHLusAT/?mibextid=wwXifr>



**Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Заң және тәртіп айы» аясында 7-11 сынып оқушыларына Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілген ақпараттық түсіндірме жұмыстарының №2 хаттамасы**

**21 қазан 2025 жыл**

**Жиналысқа қатысушылар:**

Түпқараған АПБ ҚҚБ КТДЖ аға инспекторы, полиция аға лейтенанты-Ж.Момынов және Н.Мамедов

Түпқараған аудандық орталық емхананың нарколог-психиатр дәрігері-А.Аманова

Психолог-М.Лиясқызы

МДТЖО-А.Ескуатова

7-11 сынып оқушылары

Хатшы-Л.Казбаншаева

**Күн тәртібі:**

- 1.Құқықбұзушылық, нашақорлық, лудомания, таксикомания бойынша түсіндірме жұмыстары.
2. Жасөспірімдер арасында зиянды әдеттердің (темекі, алкоголь, есірткі) алдын алу жұмыстары;
3. Оқушылардың психологиялық саулығын нығайту және өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру;

**Тыңдалды:**

1.Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша Түпқараған АПБ ҚҚБ КТДЖ аға инспекторы, полиция аға лейтенанты-Ж.Момынов оқушыларға құқықбұзушылық, нашақорлық, лудомания және таксикоманияның жеке тұлғаға, отбасына және қоғамға тигізетін зияны туралы жан-жақты айтып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді және нақты мысалдар арқылы зиянды әдеттердің салдары түсіндірілді. Құқықбұзушылықтың қандай түрлері жиі кездесетіні, оның заң алдындағы жауапкершілігі және өмірлік салдары туралы түсіндіріп өтті. Жасөспірімдер арасында байқалатын ұсақ құқықбұзушылықтардың (ұйымдаспаған төбелес, мүлікті бүлдіру, ұсақ ұрлық, интернеттегі заңсыз әрекеттер) кейін үлкен қылмыстарға әкелуі мүмкін екенін атап өтті. Оқушыларды өз құқықтары мен міндеттерін білуге, заңды құрметтеуге және жауапкершілікпен әрекет етуге шақырды. Сондай-ақ, нашақорлық, лудомания (ойынқұмарлық) және таксикоманияның адам денсаулығына, психикасына және болашағына келтіретін зияны жайлы нақты мысалдар келтіріп, мұндай әдеттерден аулақ болуға үндеді. Сонымен қатар, оқушыларға бос уақытты тиімді пайдалану, спортпен шұғылдану, шығармашылық және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысу – құқықбұзушылықтың алдын алудың ең тиімді жолы екенін айтты.

2. Жасөспірімдер арасында нашақорлық, темекі және алкоголь сияқты зиянды әдеттердің алдын алу, психикалық және физикалық денсаулықты сақтау, жасөспірімдерді ақпараттандыру мақсатында нарколог-психиатр дәрігер оқушыларға темекі шегудің, алкоголь мен есірткінің миға, жүйке жүйесіне, жүрек-тамыр жүйесіне және жалпы денсаулыққа тигізетін кері әсерін түсіндірді. Дәрігер бұл заттардың тәуелділік туғызатынын, оны жеңу қиын екенін және болашақ өмір сапасын төмендететінін нақты мысалдармен көрсетті.

Түсіндірме жұмыстары барысында психологиялық тәуекел факторлары, жасөспірімдердің ортадағы ықпалы, стрессті дұрыс басқару жолдары қарастырылды. Дәрігер жастарға зиянды әдеттерден аулақ болу үшін:

- спортпен және шығармашылықпен шұғылдануды,
- бос уақытын пайдалы іс-әрекеттерге арнауды,
- психологиялық қиындықтар туындағанда ата-ана, психолог немесе сенімді адамдарға жүгінуді ұсынды.

Сұрақ-жауап барысында оқушылар өздерін қызықтырған мәселелерді қойып, дәрігер нақты әрі түсінікті жауап берді. Жүргізілген түсіндірме жұмыстары жасөспірімдердің зиянды әдеттерге қатысты санасын арттырып, салауатты өмір салтын ұстануға қызығушылық тудырды. Алдағы уақытта профилактикалық жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

3. Психолог Ілиясызы Меруерт оқушыларға психологиялық саулықтың маңызды екенін, өзін-өзі түсіну және бағалау қабілеті адамның өмірлік табысы мен көңіл-күйіне тікелей әсер ететінін түсіндірді. Ол өмірлік ұстанымдар – адамның дұрыс таңдау жасауына, қиындықтарды жеңуге және мақсатқа жетуге көмектесетін маңызды фактор екенін атап өтті. Және де балаларға өз эмоциясын бақылау, стрессті дұрыс басқару, өз құқықтары мен міндеттерін білу, достарымен және отбасы мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы кеңестер берді. Сонымен қатар, бос уақытты тиімді пайдалану, спортпен, шығармашылықпен айналысу, дұрыс тамақтану және дене саулығына көңіл бөлу арқылы психологиялық тұрақтылықты сақтауға болатынын айтты.

Сөз соңында психолог оқушыларды өз арманы мен мақсаттарына сенімді түрде ұмтылуға, өмірлік құндылықтарды дұрыс таңдай білуге және өз шешімдеріне жауапкершілікпен қарауға шақырды.


#### Қаулы:

1. Құқықбұзушылықтың, нашарлықтың, лудомания мен таксикоманияның алдын алу бағытындағы түсіндірме және профилактикалық жұмыстар жыл бойы жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Нарколог-психиатр дәрігермен бірлесіп, зиянды әдеттердің алдын алу бойынша кездесулер, дәрістер мен пікірталастар өткізу жоспарлансын.
3. Мектепте оқушылардың психологиялық саулығын нығайту және өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру бағытындағы түсіндірме және профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде өткізілсін.

Жиналыс төрағасы:

 А.Е.Есқуатова

Хатшы:

 Л.А.Казбаншаева